ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ
ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ
МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО
РЕГУЛИРОВАНИЯ И МЕТРОЛОГИИ
МИНИСТЕРСТВА ТОРГОВЛИ И
ИНТЕГРАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2019 ж. 27 қараша
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 441-ОД
город Нур-Султан

Еуразиялық экономикалық одақтың «Өрт қауіпсіздігін және өрт сөндіруді қамтамасыз ету құралдарына қойылатын талаптар туралы» (ЕАЭО ТР 043/2017) техникалық регламентімен өзара байланысқан Беларус Республикасы және Ресей Федерациясы ұлттық стандарттарын Қазақстан Республикасы аумағында қолдану туралы

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 қазандағы № 183 «Стандарттау туралы» Заңы 27-бабының 1-тармағына, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының «Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – қолданылуы нәтижесінде ерікті негізде Еуразиялық экономикалық одақтың «Өрт қауіпсіздігін және өрт сөндіруді қамтамасыз ету құралдарына қойылатын талаптар туралы» (ЕАЭО ТР 043/2017) техникалық регламентінің талаптарын және халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбесін сақтау қамтамасыз етілетін ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі, ал олар болмаған жағдайда-ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі туралы зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде «Өрт қауіпсіздігін және өрт сөндіруді қамтамасыз ету құралдарына қойылатын талаптар туралы» (ЕАЭО ТР 043/2017) техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттар» 2019 жылғы 19 қарашадағы № 200 шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың «Өрт қауіпсіздігін және өрт сөндіруді қамтамасыз ету құралдарына қойылатын талаптар туралы» (ЕАЭО ТР 043/2017) техникалық регламенті талаптарына сәйкестігін бағалау кезіндегі зерттеулер (сынаулар) және өлшемдер жүргізу мақсатында осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өзара байланысты Беларус Республикасы және Ресей Федерациясы ұлттық стандарттары қолданылсын.

000815

2. «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСтИн)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Қ.С. Кәрібжанов) стандарттарды қолдану туралы ақпаратты стандарттардың ай сайынғы ақпараттық көрсеткішінде және жалпы қолданыстағы ақпараттық жүйеде (www.memst.miid.gov.kz) жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының орынбасары Асқар Станиславович Тынысбековқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы **А. Шаккалиев**